

*Ы. Алтынсарин атындағы  
Қостанай облыстық балалар  
және жасөспірімдер кітапханасы*



*Қостанайская областная  
библиотека для детей и  
юношества и.п. И. Алтынсарина*

*Ы. АЛТЫНСАРИН*



*Туғанына 170 жыл*

*Алтынсарин оқулары*

*Қостанай, 2011 ж.*

## Қос алыптар: Ыбырай мен Абай (7-9 сынып оқушыларына арналған әдеби кеш)

**1 жүргізуші:** Біздің елімізде 1 мамыр мерекесін «Қазақстан халықтарының бірлігі күні» ретінде тәуелсіздігімізді жариялағаннан бастап атап өте бастадық. Жыл сайын бұл мереке халықтар достығы ретінде атап өтіледі.

Өшкенім, қайта түлеп, енді бізге керегі ынтымақты – ырысты, берекелі – бірлікті, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған, татулық туын ұстаған, басынан бағы ұшпаған, еліндегі тыныштықты, жеріндегі ырыс-құтты сақтайтын, басқа елдер санасатын, түсінісіп жарасатын, терезесі тең, керегесі кең ел болуын қажет етеді. Алыс-жақын шетелдерде, бабаларымыз ат ізін салмаған мекен де Қазақстанды танып, назар аударып жатыр.

**2 жүргізуші:** Және де биылғы жыл – Мәдениеттердің жақындасу жылы. Халқымыздың рухани өмірі аспанында, халықтар достығының қайнар бастауында мәңгілік жарқырап тұрған үш жарық жұлдыз бар. Олар Шоқан, Ыбырай, Абай. Ал бүгінгі сөзіміз сол үштің екі қос алыптары – Ыбырай мен Абай жайында әңгіме болмақ.

Екі ұлы тұлға - Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаевтың өмірінде де, шығармашылығында да бір-біріне ұқсастық, үндестік көп.

**1 жүргізуші:** Біріншіден, екеуінің де азан шақырып қойған шын аты – Ибраһим, екіншіден, Ыбырайдың атасы - шынжыр балақ, шұбар төс ірі шонжар Балғожа болса, «Абайдың өз әкесі - Құнанбай, атасы - Өскенбай, арғы атасы - Ырғызбай. Аталарының барлығы да ру ішінде үстемдік жүргізген адамдар» (Әуезов М. О., «Жиырма том-дық шығармалар жинағы». «Жазушы», 1985. 20. т. 26 б.).

Ыбырайдың өз атасы - Балғожа да, нағашы атасы - Шеген де, аталас туысы Наурызбай да би, шешен. Осы сияқты Абайдың да Қараменде, Кеңгірбай аталары, қаздауысты Қазыбек пен Бекболат нағашылары дана, ділмәр адамдар.

**2 жүргізуші:** Екеуі де жастай зейінді болып өсіп, ана мейірімі мен ана зердесін көкіректеріне құйып жетіледі, Ыбырайдың шешесі Айман халық ертегілері мен жырларын ұлының құлағына жастайынан құйып тәрбиелесе, екі ананы тел емген Абай әжесі Зеренің ертегілерінен нәр алып, анасы Ұлжанның ұтымды сөздерін бойына сіңіріп өскен.

**1 жүргізуші:** — *Балам, үлкендер бірде тату, бірде араз бола беретін. «Күндестің күлі күндес» дегенді сен білмей-ақ қой. Бәйсекеңді көрген жерде сәлеміңді түзу бер. Бір кезде жақсы жақының еді. Кім тентек, кім мақұл? Қайдан білдің? Әкең дұшпан десе, сен әділ бол! Жамандыққа кім табылмайды дейсің, жанашырдан айрылма! — деді. Абай жүріп кетті. Артына бірнеше бұрылып қарағанда, аналары үйге кірмей, ұзақ қарап тұр екен. Шешесінің соңғы сөзі Абайдың құлағына әлі естіліп тұрған секілді. Қазірде бұның жаны ашыған тілеулесі — Бәйсей.*

**2 жүргізуші:** Ыбырай жаз кезінен Балғожа атасының тәрбиесінде болған. Замана бет алысын өзінше болжаған Балғожа табысқа жетудің ендігі жолы – оқу деп біледі. Сөйтіп, немересі кішкентай Ыбырайды Орынборда ашылады деп күтілген орыс-қазақ мектебіне күні бұрын жаздырып қояды. Бидің ондағы мақсаты, әрине, немересінің бала оқытып, педагог болуы емес, әкімшілік орындарда жұмыс істеп, шенеунік, орысша оқыған «төре» болып шығуы, ата-анасын асырауы. Балғожа бұл

ойын Орынборда оқып жүрген жасөспірім Ыбырайға жолдаған өлең-хатында былайша білдірген:

**1 жүргізуші:**

Үміт еткен көзімнің нұры – балам,  
Жаныңа жәрдем берсін Хақ тағалам.  
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,  
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.  
Атаңды сағындым деп асығарсың,  
Надан боп білмей қалсаң, аһ ұрарсың.  
Шырағым, мұнда жүрсең не етер едің,  
Қолыңа құрық алып кетер едің.  
Тентіреп екі ауылдың арасында  
Жүргенмен, не мұратқа жетер едің?!

**2 жүргізуші:** Әлгі мектеп ақыры 1850 жылы ашылады да, оған қабылданған отыз қазақ баласының бірі – тоғыз жасар Ыбырай болады. Ыбырай мектепте сабақты ынта қойып оқиды, 1857 жылы оқуын «өте жақсы» деген бағамен бітіріп шығып, 1859 жылдың тамызына дейін өзінің туған елінде тілмаштық қызмет атқарады. Қалада оқып, қазақ даласына беймәлім жаңалықтардан хабардар болып, ой-өрісі кеңейген зерделі бозбаланың екі жылдай елде болуы — қазақ қоғамының жағдайын тереңірек түсініп, жаңаша сезінуіне, өзіндік ойға келуіне мүмкіндік береді.

**1 жүргізуші:** 1859 жылы Ыбырай Алтынсарин атасының жақсы танысы, сыйлас кісісі — Орынбордағы Шекаралық комиссияның төрағасы, шығыстанушы белгілі ғалым, профессор В.В.Григорьевпен жақын танысады. Ол Ыбырайға қамқорлықпен қарап, оған өзінің бай кітапханасын еркін пайдалануына жағдай жасайды. Ыбырай Григорьевтің кітапханасынан орыс жазушыларының шығармаларын, орыс және дүние жүзі ағартушы-педагогтерінің еңбектерін, ұлы адамдардың өмірі жайындағы кітаптарды алып, бас алмай оқыған. Мерзімдік басылымдарды оқып тұрған.

**2 жүргізуші:** Қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, классиктері Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаевтың ең алғаш нәр алған бастау бұлағы – қазақтың бай ауыз әдебиет үлгілері болса, екінші – шығыс әдебиеті классиктері еді.

Абай он жасқа келгенде әжесі Семей қаласына әкеліп, оқуға берген. Алғашқы берген молдасы Ғабұлжаппар деген татар, артынан Ахмет Риза деген молдаға тапсырған. Екеуі де мешітте имамдық қылады, дін сабақтарды береді. Соның көбін араб, фарсы тілдерінде оқиды, түрікше оқу қосымша оқу болады. Абай оқуда зерек болады. Сондықтан барлық артылған уақытты Абай өз бетімен өзі сүйген кітаптарын оқуға жұмсап, көп ізденуге салынады. Өз бетімен оқитыны – шығыс ақындары. Одан соң – араб, иран, шағатай (ескі өзбек) тілінде жазылған ертегі, дастан, қисса сияқты әдебиет мұралары.

**1 жүргізуші:** Кітап жүзінен алған тәрбие мен жазба үлгілері бойынша ол уақыттағы өлеңге жарайтын тіл жалғыз араб, фарсы тілі деп біліп, Абай да алғашқы өлеңдерін осы тілдердің сөздерін қосып айтады. Балалық шағында жазған:

Физули, Шамси, Сайхали,  
Навои, Сағди, Фирдоуси,  
Хожа Хафиз – бу һәммси,  
Медет бер я шағғиры фәрияд! -

осы аталған аттардың өзіне қарағанда Шығыстағы ірі ақындардың талаймен ерте күнде танысып алғаны даусыз.

Ал қазір біз сол Шығыс әдебиетіне кішкене шолу жасайық.

**2 жүргізуші:** Фирдоусидің «Шах –наме» атты шығармасы көне түрік халықтарының тарихын баяндайтын еңбектердің бірі болып табылады. Еңбек парсы, кейін түрік тілдеріне көшіріліп, жалпы түрік топтарының шығу тегі мен қағанаттардың тарихын беретін бірнеше араб авторларының еңбектерімен салыстырылып, деректік құндылығы жағынан жоғары бағаланған.

Фирдоуси «Шахнамада» ізгілік, тәртіп және қайтарымды іс, жақсылық туралы тереңнен теріп ңығыздап айтады.

Бұл дүниеде қалдырмайық зұлымдық,

Тек жақсылық бәріне сол мұрындық.

Немесе:

Бақытты бол игі есімің жұбаныш,

Жүрегіңмен егіз болсын қуаныш

Тағы да:

Қорқынышты жүректерден қуыңдар,

Қолдан келсе тек ізгілік туыңдар

**1 жүргізуші:** «Шахнама» – алып аспанға төбесін тіреп ішіндегі жарқылдаған қосжұлдызды жырлардың бір ұшқыны. Шахбәйттер – тау басынан сылдырап аққан бұлақтар, еңкейіп бұлақтарға ерін тигізсең тыңайып, түлеп қаласың:

1. Касе куба рақ бир конад жарор чох

Сазад гар кунад хештанро нигох

2. Кім қазып қойса жолға терең құдық,

Ойлансын өзі жайлы болса құлық.

Және бір мысал:

1. Хунар бехтар аз гавхар омад паид

Хунар бо хирад низ бешаз

2. Өнер қымбат асыл тастан маржаннан

Өнердегі даналық жасалмаған арзаннан – дейді ақын. Біреуге құдық қазсаң құлығың жоғалады, өнерің азаяды. Барынды бағалай біл, өр иран шайыры. Оқырман өзін мұхиттың түбіне сүңгіп, дүрлер қоржынын аркалап шыққандай сезінеді.

**2 жүргізуші:** «Суреткерлер мен аштардың көздері бірдей өткір» деген екен Владимир Хлебников. Фирдоусидің көзі кірпік дірілінен бастап, қияда қанат қаққан қыранның қанатының сыпсылын, көктегі жұлдыздардың күрсінісін жердегі алысты шырмаған алып теректер тамырларының дүрсілін, алты қырдың астындағы айқайды, ана жатырындағы сәбидің ашуын, келе жатқан дауылдың иісін көреді, сезеді, түйеді, түйсіндіреді, сендіреді. Бірнеше мысал:

Өмірің өтіп жатса бақытты боп

Жіберме уайымға уақытты көп.

Ақылыңа бағынсын тіл мен жүрек

Төге берме сөздерді допша күреп.

Ақылды бол түк зияның тимесін

Тіліңнің де ашып алма түймесін.

Жақсылық пен жамандық өтер, кетер

Ақылы аз байғұстар азап шегер.

**1 жүргізуші:** Қос жолдар ғасырлар қолтаңбасында тайға таңба басқандай дәйектеліп, елу електен өтіп бізге еміреніп жетіп отыр. Ақын адамзаттың ақылына айрықша мән берген. Тікенді терме, тозған ақылға ерме, төрге шығамын десең терле, ақылсызға еркінді берме дейді автор. Шахбәйттер «Шахнама» айсбергтерінің бір қыры ғана, сансыз сыр-қыры ырғағында жатыр. Біз сол сыр күмбезіне әлі жете алмай келеміз, - деген екен профессор, шығыстанушы Өтеген Күмісбаев.

**2 жүргізуші:** С.Телжанов «Тұңғыш ағартушы және аудармашы» деген зерттеу мақаласында Фердаусидің «Шахнамесін» ақын В.А.Жуковскийдің орысшаға аудармасынан Ыбырай мен Абай да қазақша сөйлеткенін айтады. Сонымен бірге осы екі жазушының еңбектерінде Шығыс әдебиетінен нәр алғанын көрінісі. Алтынсаринның «Өсиет өлеңдері», Құнанбаевтың поэмасы «Ескендір» шығармалары бар.

*(Алтынсаринның «Өсиет өлеңдері», Құнанбаевтың поэмасы «Ескендір» оқылады.)*

**1 жүргізуші:** Ыбырай да, Абай да 19 ғасырдың бел ортасында, патшалықтың отарлау саясаты қатты күшейіп тұрған кезінде дүниеге келген. Ұлы орыс халқының адал бұқарашыл ұлдарының бәрінің жүрегінде патшалыққа деген өшпенділігі мен жиреніші аса күшті еді. Каторгада, айдауда, еріксіз солдаттықта жүрген күндерінің бәрінде де олар, орыстың қалың бұқарасы, қара шаруасының құлдық-қорлық халін патшалыққа кешпейтін. Сонымен қатар олар Сібірде, Қазақстанда патшалық езіп жүрген барлық елдерге үлкен достықпен, зор бауырмалдықпен қараушы еді.

**2 жүргізуші:** Ы. Алтынсарин қазақтар мен орыстардың достығы берік болуға бар жағдайдың бар екендігіне, қазақтардың келешекте ортақ Отанның ең сенімді, ең қабілетті де пайдалы мүшесінің бірі болатындығына көз тастады. *«Қазақтың, әсіресе, оның бұқара тобының ішінде орыстармен жақындаса түсуге табиғи негіз де бар. Өйткені бұған олардың адамгершілік қасиеттеріндегі кейбір ұқсастықтар да әсер етеді. Бұл екі халықтың да тұрмыста жасанды қылықтары жоқ ақыл-парасаты айқын, ұлттық және діни соқыр сенімдерімен бүліне қоймаған, жүрегі таза, онша діндар да емес екендігі белгілі»*— деп жазды Ы. Алтынсарин «Оренбургский листок» газетіне жазған бір мақаласында.

**1 жүргізуші:** Өз бетімен көп ізденіп, білім қорын молайта келе, Ыбырай өзінің алдына тілмаш болуды емес, туған халқына пайдалырақ басқа бір қызмет істеуді мақсат етіп қояды. Оның ынтасы ағартушылыққа ауады. 1860 жылы Жайықтың шығысындағы қазақтар үшін төрт бастауыш мектеп ашылған кезде, Ыбырай өзі сұранып, Торғай мектебіне мұғалім болуға рұқсат алып, сонда келеді. Бірақ мектеп бірден ашыла қоймайды. Бұл аралықта, Ыбырай ел ішінде мектептің пайдасын түсіндіріп, біраз баланы өз үйінде оқытады.

**2 жүргізуші:** Ол кезеңде қазақ азаматы Алтынсарин орысшадан аударғанда, қазақ оқырмандарына бейімдеді, жеке сөзін қуаламай, ойын беруге тырысты, өз халқының ұғымына сай етіп аударды. Мысалы, Қ. Д. Ушинскийдің «Наблюдательность» деген әңгімесін «Үнді» («Индеец») деп берді. Орыс жазушысының «Ворона и рак» деген әңгімесі Ы. Алтынсаринде «Қарға мен құрт» («Ворона и червяк») болды; Л. Н. Толстой жазған «Царь и рубашка» атты орыс ертегісі Ы. Алтынсаринде «Бақытты адам» («Счастливый человек») болып алынған еді. Осы әңгімелердің аттарындағы

айырмасы олардың ішкі мазмұнымен байланысты. Мысалы, Л. Н. Толстой жазған әңгімедегі бір патша ауырып жатып: «Мені осы науқастан емдеп жазған адамға патшалығымның тең жарымын сыйлар едім» дейді. Ал Алтынсарин осы оқиғаны өзінше шертеді: «Бір патшаның әйелі (ханым) ауырып қалады. Толып жатқан тәуіптер (дәрігерлер) шақырылады. Бәрі жабыла емдеп, бірақ ауруды жаза алмайды. Осыдан кейін патша бақсы-балгерлерді жинап алады да: «Ей, бақсы-балгерлер, ханымды кеселді дертінен айықтыратын дәрі іздеп табындар, егер таба алмасаңдар, бәріңді де қырып-жоямын» — деген бұйрық береді.

Енді балалар бізде аудармашы болып көрейік.

***(қатысушылар орыс тілінде берілген алтынсариннің өлеңді аударарды, содан соң түпнұсқамен салыстрады )***

**1 жүргізуші:** Ыбырай И.А.Крылов мысалдары мен Л.Н.Толстойдың, К.Д. Ушинскийдің шығармаларын қазақшаласа, Абай да И.А.Крыловты, сондай – ақ А.С. Пушкинді, М.Ю. Лермонтовты, немістің ұлы ақыны И.В.Гетені аударды.

Жасы отыздан асқан соң, бұрынғы азды — көпті білімін есіне түсіріп, орыс кітабын мықтап оқыды. Едәуір тіл біліп алған соң, енді көп нәрлі кітаптар оқуға кіріседі. Әдейі қала кітапханасының кітаптарын оқу үшін Семейде қысқы айларда ұзақ жатып алады. Кітап қарастырудың жолында жүріп, Абай Михаэлис деген кісімен танысады. Ол Чернышевскиймен жақын таныс болған. Ақынның ең әуелгі іздену, қалыптасу кезеңіндегі жол нұсқаушысы болған.

Ал кейін орыс тілін еркін біліп, орыстың ұлы мәдениетін мол, терең тани бастайды. Пушкин, Белинский, Герцен, Чернышевский, Салтыков - Щедрин, Некрасовтың мұраларынан терең тәлім – тәрбие алған. Европа ақындарынан: Гете, Байрон, философ білгіштерінен: Спенсер, Спиноза, Льюис, Дарвин, Дрепер сияқты талайларды оқыған.

**2 жүргізуші:** Абайға Пушкин ықпалы мол болды. Себебі шындық өмірді суреттеген, адам баласын шексіз сүйген, халық поэзиясын жақсы білген және оны мол пайдаланған Пушкин Абай бойындағы қуатты қозғап оятты. Абайды орыс қоғамынан бөлек жағдайда қазақ ортасы шындығын өзінше тануға үйретті. Осылай ол туған халқына жақындасудың жолын тапты. Жастық сезімді Пушкинше жырлады. Пушкин шығармаларын ұзақ оқып, зерттей келе, оны аударумен Абайдың көбірек шұғылданғаны — 1889 жыл. Бұл жылы Евгений Онегиннен үзінділер күйінде сегіз өлең аударарды. Олардың көбі — Онегин мен Татьяна арасындағы хатта Абай аудармалары түпнұсқамен дәлдікті сақтап отырмайды. Шығарманың идеясын, екі жастың айтар ойын, арман-тілегін алады да, ақын оны қазақ оқушысына лайық ұғыммен еркін жеткізеді. Оған өзінің осы жағдайға байланысты ой – арманын қосады. Ақынның теңеулері, тіл көркемдігі жағынан қазақ ақынының шығармаларына жақын. «Көзімнің қарасы», «Қызарып, сұрланып» өлеңдерінде Пушкин сарыны мол байқалады.

***(«Көзімнің қарасы» өлеңі орындалады)***

**1 жүргізуші:** Қазір кездегі елімізде белгілі прозашы, аудармашы ұлты неміс, бірақта қазақ тілді жетік білетін Герольд Бельгер Абай туралы былай айтқан:

*- Қазақ ауылында өсіп, қазақтармен аралас – құралас болғандықтан, мен ұлы Абайдың тұлғасы жайында қалай болса солай айта салғым келмейді. Сондықтан, мен әңгімені әріден бастағалы отырмын.*

*Мен алғаш рет Абай шығармашылығымен ауыл мектебінде 4 сыныпта оқып жүргенде таныстым. Оның «Қыс» деген өлеңін жатқа айтқан қыстың сол бір күні әлі есімде. Ауылда Ермек Қонарбаев деген әнші бар еді. Сол кісі Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» деген әнін өте керемет айтатын. 9 сыныпта жүргенде, кенеттен, бұл Абай аударған Лермонтовтың «Горные вершины спят во тьме ночной» деген өлеңі екендігін білдім. Ал, Лермонтов болса, өз кезегінде, бұл өлеңді Гетеден алған болып шықты. Мен бұл жайында кешірек білдім.*

*Сол кезден бастап Абайға жақындап, оның шығармашылығы жайында төрт кітап жазып, алты жинақ құрастырдым. Мен үшін Абай – дана, ақын, философ, жанымға өте жақын адам.*

**2 жүргізуші:** Ы. Алтынсарин, Шоқан мен Абай секілді халықтар достығының шын мәнісіндегі жаршысы болды. Ол қазақ халқының келешегі үшін ұлы орыс халқының прогрессивтік ролін жақсы түсіне білді. *«Менің сенімім бойынша қазақ халқы өзінің мүмкін болған бақытын алдағы уақытта тек орыс халқымен адамгершілік жағынан жақындаса түскенде ғана табады, орыс-қазақ білімі негізінде рухани және экономикалық даму арқылы табады»* — деп Ыбырай Д. Михайловқа жазды.

**1 жүргізуші:** Абай , Ыбырай – ұлы ұстаз, ұлы ақын. Екеуі де орыстың классикалық әдебиетінен нәр алып қанаттанған. Ыбырай «Қазақ хрестоматиясына» кірген өлеңдерінде халық ағарту идеясын көтерді. Оның «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңдері осындай мақсатта туған.

«Кел, балалар, оқылық!» өлеңі жастарды оқуға, білім алуға шақырады:

Оқысаңдар, балалар,

Шамнан шырақ жағылар.

Тілегенің алдыңнан

Іздемей-ақ табылар.

Кел, балалар, оқылық!

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық!

*Өлеңнің әр шумағында оқудың әр жақты пайдасын айта отырып, ақын соңғы жолдарды ылғи қайталап отырады.*

Мал, дәулеттің байлығы –

Бір жұтасаң, жоқ болар.

Оқымыстың байлығы–

Күннен күнге көп болар,

Еш жұтамақ жоқ болар.

**2 жүргізуші:** Сөйтіп, ақын, бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, оқу, өнер, ғылым – білімге, оның жалпы халық үшін керектігіне еш мән бермейтін ескі көзқарасқа соққы береді. Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық – білім екендігін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін, ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндіреді.

Ыбырай «Өнер – білім бар жұрттар» атты өлеңінде оқу, білім алудың мақсатын кеңінен сөз етеді. Өлеңнің негізгі идеясы – қазақ қауымына озық мәдениетті елдерді үлгі етіп көрсету.

**1 жүргізуші:**

Өнер – білім бар жұрттар

Тастан сарай салғызды.  
Айшылық алыс жерлерден  
Көзіңді ашып, жұмғанша,  
Жылдам хабар алғызды.  
...Отынсыз тамақ пісірді,  
Сусыздан сусын ішірді.  
Теңізде жүзді балықтай,  
Дүниені кезді жалықпай.

Ыбырай жастардың оқыған адам болғандағы мақсаты өз халқының бір керегіне жарау, оны «тастан сарай салдырып, айшылық алыс жерлерден көзіңді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алғызатын» елдердің қатарына жеткізу деп білді. Келешекке сенімі мол Ыбырай өмір көркі, болашақтың иесі – жастар деп ұқты. Арманын іске асыру жолына құрбан етті. Сол жолда ол өз халқының болашағы үшін мәдениет мәселесінің көп тарауын соныдан жол тартып тыңнан бастады.

**2 жүргізуші:** Ал енді Абайға келсек, 1889 жылдан бастап Абайдың білімі мен өсиетіне құмар болған ел ішінің көзі ашық жастарына Абайдың ауылы үлкен білгіштің медресесі сияқты болады. Абай ұстаз, ал алдына келген сөз ұғатына талапты жастарының бәрі – шәкірт. Енді осы ұғатын жастардың жаңа жолмен, өзі арман еткен өнер – білімге, жаңа сапалы адамгершілікке қарай жетектеп, баулығысы келеді. Бұларға өз өмірінің өкініштерін, ауыртпалықтарын да көп айтады: «*Ескі үлгіде қалма! Өзгерген заманның жаңа түрлі қайраткері болуға әзірлен*», - дейді. Абай жалғыз өз өсиетіне қанағат қылмай, жастардың сезім тәрбиесін толықтырмақ болып, көбіне музыка үйретпекші болады.

Қазақ халқы өзінің ардақты ұлын, өз халқының жарқын болашағы үшін алып жүрегін намыс жалынына тосқан данышпан Ыбырайы мен Абайын зор мақтанышпен еске аламыз. Олардың асыл сөздері, мейірбанды сезімі, ел жүрегін оятқан өсиеті біздің жаңа өмір жасаудағы күресімізге күнбе-күн көмектесіп отырады.

«Көп адам дүниеге бой алдырған,  
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған,  
Өлді деуге сия ма ойландаршы  
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған»,—  
деген Абай сөзін осы екі даналарға арнауға болады.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Абай Құнанбаев. Қалың елім, қазағым...: шығармалары / Абай Құнанбаев.- Алматы: Жалын, 1995.- 384 бет.-(Әлем әдебиеті)
2. Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. Т. 1: өлеңдер. Этнографиялық еңбектер. Ғылыми-әдістемелік шығармалар / Алтынсарин Ы; құраст., алғы сөз. Қ. Т. Әуелбекқызы.- Алматы: Қазығұрт, 2003.- 240бет:портр
3. Әуезов, М. Абай Құнанбаев: монограф., зерттеулер мен мақалалар / Әуезов, М.- Алматы: Санат, 1995.- 320 бет



4. Дербісәлин, Ә. Ыбырай Алтынсарин: деректі баян / Дербісәлин Ә.- Алматы: Арда, 2005.- 216бет + 4бет:фот.- (Тарихи тұлға тағлымы)
5. Күмісбаев, Ә. Фирдоусидің сөзі / Күмісбаев Ә // ТҮРКІСТАН.- 2009.- 2 шілде. - 11б.
6. Орта ғасырдағы Шығыс шайырлары / ауд. Т. Айнабеков // Әлемдік педагогикалық ой - сана 10 томдық. 2 т: Шығыс әлемі (орта ғасыр): жетекшісі Ә. Н. Көшербаева.- Алматы.- 2009 - 251- 374 б. - (Мәдени мұра)
7. Ыбрай Алтынсарин тағлымы: әдеби - сын мақалалар мен зерттеулер / құраст. М. Жармұхамедов.- Алматы: Жазушы, 1991.- 384 бет
8. Ысқақұлы, Д. Абай және Крылов: [Абай аудармалары] / Ысқақұлы Д // АБАЙ.- 2007.- №1. - 66-70 б
9. Ысмағұлов, Ж. Қос бәйтерек: Абай мен Ыбырайдың ішкі үндестігі хақында бірер сөз / Ысмағұлов Ж // Егемен Қазақстан.- 2005.- 13 желтоқсан. - 6 б

**Көркем әдебиеттегі Ыбырай Алтынсариннің бейнесі.  
( 7-9 сынып оқушыларына арналған әдеби-тарихи зерттеу)**

**1 жүргізуші:** Әр заман, тарихи әр кезең әлеуметтік құбылыстар өзінің дарынды өкілдерін жарыққа шығарып отыратыны мәлім. Олар елдің мұң – мұқтажын көре біліп, халқының сол мұқтажына перзенттік махаббатын арнаған, туған халқының игілігі үшін бар күш жігерін жұмсаған ардақты азамат ретінде халық тарихынан орын алып отырған. Мұндай азаматтардың игілікті дәстүрлері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, елдің тарихи, мәдени өміріне елеулі ықпал етіп келген.

Қазақ халқының тарихында аса көрнекті орын алған сондай тұлғалардың бірі - Ыбырай Алтынсарин. Ол жаңашыл, дарынды ағартушы ғана емес, халқымыздың теңіздей толқып тасыған інжу – маржан жырларын жақсы біліп, еңбегіне арқау еткен. Сүйтіп, өзі өмір сүрген дәуірдің мұрат – мүдделеріннің кәдесіне, ұрпақ тәрбиесіне жарата білген тұлға.

**2 жүргізуші:** Ыбырай Алтынсарин — қазақ халқының тұңғыш мұғалім-педагогі және қоғам қайраткері. Оның ұлы тұлғасы, оқытушылық-ағартушылық жолы В. В. Григорьев, Н. И. Ильминский, С. В. Чичерина, тағы басқа шығыс танытушылардың естелік-еңбектерінде көрініс тапты, кейін қазақ совет әдебиетінде Ыбырай бейнесі біраз сомдалды.

С. Сейфуллин, М. Әуезов, Қ. Жұмалиев Ыбырай Алтынсарин бейнесін жасау мәселесіне тоқталып, ол туралы келелі ойлар айтты.

Белгілі ақын-жазушылар Ғ. Қайырбеков, Жайсаңбек Молдағалиев, М. Д. Симашко, тағы басқалары ұлы ағартушы бейнесін жасауда көп еңбек сіңірді. Оның бейнесі өнерде де көрініс тауып келеді. Театр сахналарында, суреттерде, мүсіншілер еңбегі арқылы да Ыбырай тұлғасы сомдала бастады. Мысалы, Ыбырай Алтынсарин бейнесін сахнада жасаған профессор А. Тоқпанов, мүсінін жасаған мүсінші Х. Наурызбаев туралы айтуға болады.

**1 оқушы**  
**ЫБЫРАЙ**

Атағы Алатаудай бұлтқа тиген,  
Халқы үшін шүберекке жанын түйген.  
Даланың шолпанындай Ыбырайды  
Ардақтап әр уақытта елім сүйген.

Талпынып ұлы орысқа қолын созып,  
Ыбырай қатарынан шықты озып.  
Тұрды ол заманынан сол кездегі  
Болды да бойы биік, ойы озық.

Көрді де болашақты бір қиырдан,  
Қарады қара күннің бұлдырынан,  
Орыстың іліміне ұран салып,  
Ер болды еліне ақыл ұғындырған.

Тобылдың жарына ұрған толқынындай,

Ғылымға кең құлашын ұрды тынбай.  
Кетті ол дүниеден ұлы арманмен  
Елінің жоғын жоқтап, мұңын жырлай.

Жырлаймын өзім бүгін ердің ісін,  
Бұл өлең емес босқа ертегі үшін.  
Жас ұрпақ түгелінен алсын жаттап,  
Ыбырайдай асыл туған ер үлгісін.

### О. Шипин

**1 жүргізуші:** Қазақ балаларының ұлы ұстазы, жаңашыл педагог, жазушы, ағартушы. Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы қазіргі Қостанай облысының жерінде өмірге келген. Әкесі Алтынсары ерте қайтыс болып кеткен соң, ол ел арасындағы белгілі би Балқожа деген атасының қолында тәрбиеленді.

Бұл жерде Омаров Жағыпар деген ақынның бір өлеңін келтіре кеткім келеді.  
(*Жағыпар Ибраһимнің немере туысы*).

«Жамиғат құлағың сал бұл ғажап сыр,  
Бағишат-бағзы адамның көңілі кір.  
Үш жүзге үлгі болған заманында,  
Атамыз би Балқожа халыққа мәшһүр.  
Қожекем, Алтынсары болған ұғлы,  
Алтекем ерте өліп солған гүлі.  
Кішкентай 3-4 жастық шамасында,  
Артында қалды Ибраһим қызыл гүлі.  
Қолында жүрген үлгі атасының,  
Халық білер бұл сөзімнің хатасызын.  
Үмметкер ферзантым деп дұға айлаған,  
Тиеді ақыры шарафат батасының.  
Оқытты Орынбордың қаласына,  
Аямай жастай айырып анасынан.  
Алаң боп, көңіл қойып оқымас деп,  
Еш хабар жүргізбеді арасынан».

**2 жүргізуші:** Балқожа би өз заманында ақын болған кісі. Сондықтан жастай шет жерде оқып жүрген немересі Ибраһимді сағынғанда хатты өлеңмен жазады екен. Ибраһим атасынан келген хаттарды ұқыпты сақтап, мезгіл – мезгіл қайталап оқиды екен. Демек, ақылды ата жас немересін со бастан поэзиямен де суара бастағанын көреміз. Сөзіміз дәлелді болу үшін «Балқожа бидің оқудағы баласына жазған хаты» деген әйгілі өлеңін келтіре кеткім келеді:

### 2 оқушы

«Көзімнің үміт еткен нұры балам,  
Жаныңа жәрдем берсін хахтағалам.  
Атаң мен анаң мұнда есен аман,  
Сағынып сәлем жаздық бүгін саған.  
Атаңды сағындым деп асығарсың,  
Сабакқа көңіл қойсан басыларсың.

Ата-анаңды өнер білсең асырарсың,  
Надан боп, білмей қалсан аһ ұрарсың.  
Шырағым мұнда жүрсең нетер едің,  
Қолыңа құрық алып кетер едің.  
Тентіреп екі ауылдың ортасында,  
Жүргенде не мұратқа жетер едің?!»

Балжекеңнің бұл өлеңі күні бүгінге дейін оқулықтан қалып көрген жоқ. Арада жүз жылдан астам уақыт өтсе де өшпейді, ескірмейді, ұмытылмайды, ұрпақтан-ұрпаққа кете беретін дүние.

**1 жүргізуші:** 1850 жылы Орынборда орыс - қазақ мектебі ашылып, оған 30-дай қазақ баласымен бірге Ыбырай да оқуға түседі. Тұрғылықты халықты басқаратын болашақ шенеуніктерді оқыту үшін патша әкімшілігі мұндай мектептерді арнайы ашқан болатын. Жастайынан еркін ойлауға үйренген Ыбырай Алтынсарин оқу бағдарламасымен шектеліп қалмай, әлемнің классикалық әдебиетімен де қызыға танысады. В. Шекспир, И. Гете, Д. Байрон, А. Пушкин, Н. Гоголь, М. Лермонтов, И. Крылов, А. Фердоуси, И. Низами, Ә. Науаи шығармаларын қызыға оқиды.

*(М. Симашко «Колокол романынан үзінді оқылады»)*

**2 жүргізуші:** «Все вокруг рассматривали подарки, переговаривались, ели пряники. — Ибрагим Алтынсарин!

Дед Мороз протягивал ему перевязанный красной ленточкой пакет. Он подошел, взял и сел на место. Сердце забилося у него, когда развязывал он ленточку. Такой красивой книги он никогда не видел. «Басни Крылова» — значилось синими буквами на золотом переплете, на каждой странице были цветные картинки. Некоторые из этих басен он знал наизусть. Ему всегда хотелось иметь свою книгу, большую, красивую, только ему принадлежащую.

Бахтияров получил роман про рыцаря Айвенго, Кулубеков — про путешествия, другие тоже перелистывали свои книги, рассматривали картинки, девочки примеряли ленты...

**1 жүргізуші:** Н.И. Ильминский өзінің «Алтынсарин туралы естеліктер» деп аталатын кітабының алғы сөзінде: «Мен онымен 30 жылға жуық, яғни, 1859 жылдың караша айының басынан таныс едім. Мен оған шын ықыласыммен берілдім, әсіресе орыс біліміне ерекше құмарлықпен ұмтылып, ол білімнің қазақтар үшін де керек екенін есінен шығармайтындығын айрықша бағалайтын едім...

...Алтынсариннің мінез – құлқы мен адамгершілік қасиеттері өзінің ішкі сезімі мен көңіл күйін тура және әсерлі етіп баяндаған хаттарында жақсы суреттелген. Бұл хаттарда оның білім жарығына деген ынтызарлығы, құштарлығы байқалады»... деген жолдар ғана емес, жалпы барлық хаттары Ыбырайдың орыс тілін жетік білгендігінің нақты дәлелі.

## **1 оқушы**

Келеді, асығады ол еліне,  
Өттең не, көнбейді ұзақ жол еркіне!  
Уа, канат, құс қанаты еркіндіктің,  
Сен бітсең, ұшар еді-ау сол бетінде.  
Туған жер, қайдасың деп, жазық аспан,  
Қонбастан, қорек іздеп қажымастан,

Жанында хабары бар сол еліне,  
Көп күтіп, қолға түспей қадірі асқан!

### **Ғ. Қайырбеков «Алғашқы қоңырау»**

**2 жүргізуші:** Ыбырай Алтынсарин прогрессивті орыс ойшылдарының, ұлы ағартушыларының идеяларымен танысады. 1860 жылы Ы.Алтынсаринге облыстық басқарма Торғайда қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашуды тапсырады және оны орыс тілінің мұғалімі етіп белгілейді. Шалғай түкпірде мектеп ашу жұмысының қиыншылықтарына қарамастан, ағартушылық идеяларымен қанаттанған Ы.Алтынсарин көздеген мақсатын орындауға құлшына кіріседі. Ауыл - ауылды аралап, халыққа кәсіптік білімнің маңызы мен мақсатын түсіндіреді. Алтынсариннің талабы мен қадамын халық қуаттайды. Алайда, қараңғы қазақ елінде Алтынсарин жалғыз еді... Сол кездегі халық көңілін, Алтынсариннің ой-мақсатын халық ақыны, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғафу Қайырбеков өзінің «Алғашқы қоңырау» атты өлеңінде дәл көрсеткен:

**1 оқушы** Ал бастадым! Жасырмай, күшімді айтып,  
Бір шегіндім, шегінбес үшін қайтып!  
Қайран елім, қара нар - касиеттім,  
Осы жолда жүгіме қысылмай шық! -  
Деді ол оймен, қарады достарына,  
Еңсесін бір көтеріп тастады да.  
Бәрінің тұрды қазір ол құлпырып,  
Ертеңгі мектеп болып қарсы алдында.

**2 оқушы** Ондаған жұмыр балтыр, жарық сирақ,  
Қайтсін - ай, жатыр сазды жанышып - ақ!  
Шоқпақтай сұйық лай тасқа айналып,  
Түспейді тілерсекке жабысып ап.  
Орамал әлсін - әлсін суға малып,  
Төбеге төрт бұрыштап байлап алып,  
Тынбайды бейнетқордың қолы, сірә,  
«Әзірле, қайда кетпен, қайда қалып?!»  
Кеткенде тандай кеуіп, бір қаталап,  
Салқындап, ерін көміп жұтқан шалап,  
Маңдайдан ащы терді бұрқ еткізіп,  
Жандарын жанған өрттен тұр тасалап.

**1 жүргізуші:** Мектеп 1864 жылы 8 қаңтарда ашылды. Осыған байланысты үлкен той болып, сол күні мектепке 14 бала жазылды.

### **3 оқушы:**

Ұлы той, атқа мінді қалың қазақ,  
Қарашы, жайып салып, жанын ғажап,  
Бүкіл ел келе жатыр сол биікке,  
Күн жүзді төбесінде алтын табақ.  
Табылды, табылды арман көп іздеген,  
Мен бармын, бір келемін дегізбеген.  
Ұшты бір мақтанышты сөз ауыздан:  
- Біз-дағы мектебі бар елміз! - деген.

#### **4 оқушы:**

Қағылды зор қоңырау, күмбірледі,  
Аралап айлық жерді, күндік жерді.  
Ілесіп сол қоңырау үніменен,  
Қазақтың даласына білім келді.  
Қағылды сол қоңырау, бір тынбады,  
Сілкінді осы халық ұйқыдағы.  
Естіп пе сыңғырлаған өз қоңырауын  
Дүниеге қазақ атты ұл туғалы?!

#### **1 оқушы:**

Қағылды ол, жалт қарады шет, төңірек,  
Тосын үн шыдатпады кеткен үдеп.  
Қарады бүкіл дала, қарады да,  
Құшағын аша берді: «Мектебім!» - деп.  
Кім қаққан, аты - жөні кім қоңыраушының,  
Даланың дүбірлеткен қойнау шыңын!  
Қалың ел, қара қазан, сары баланың  
Қашаңғы арын, қамын ойлаушы кім?!

#### **2 оқушы:**

Сол сұрақ қоңырауға қосып үнін,  
Бар қазақ аспанында ұшты бүгін.  
«Ыбырай!» «Ыбырай!» деген жалғыз есім,  
Туған жер жақсы ауасын, құшты қырын.  
Қақты ол тұрып алып сонау шыңда,  
«Қайран ел ояусың ба, ояусың ба?!»  
Деп ол да сұрай берді өз тілегін  
Алғы күн арасына ойы асыға!..

**2 жүргізуші:** Ыбырай Алтынсарин өзі ашқан мектептерде ана тілінің таза оқытылуына көңіл бөліп, тілашар ретінде халықтың ауыз әдебиетін пайдаланып, өзі де ұрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазды. Сол әдеби шығармалары арқылы тіршіліктің өзекті мәселерін көтеруге бет бұрды. Ол қазақтың жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі болды. Әдебиетке тың тақырыптар әкеліп, озық ойлар енгізді. Шиеленіскен тартыстар, сомды бейнелер, бұрын болмаған жанрлар арқылы әдебиетті мазмұн жағынан ғана емес, түр жағынан да дамытты.

**1 жүргізуші:** Әңгімелерін идеялық нысанасы жағынан жүйелер болсақ, еңбекті сүю, кадрлеу, жақсы мінез- құлыққа бағыттау, халқын сүю махаббат- мейірім (ана- бала) перзенттік парыз, т.б. өмірдің өзекті мәселелерін қамтығанын көреміз.

Жазушының адамгершілік туралы идеялары эстетикалық тәрбиемен байланыста, бірімен- бірі ұштастырыла суреттеліп отырады. Оның шығармаларынан жазушының биік адамгершілік қасиетін, азаматтың тұлғасын көреміз, сүйсінеміз. Өзінің өнегелі өмірі, тынымсыз ізденісі, жан- жақты таланты арқылы танылған Ыбырай Алтынсарин шығармаларының қазақ әдебиеті тарихында алатын орны арасан зор.

### **1 оқушы**

...Кірісті ол енді өзі бір үлкен іске.  
Ол алыс арман еді жүрген іште.  
Кітабын тұңғыш қазақ мектебінің  
Жазбақшы ақыл жетіп, тіл келіссе!  
Әрі ұстаз, әрі ақын, әрі ғалым,  
Атқармақ жалғыз өзі соның бәрін.  
Амал не, жан қорқытар іс болса да,  
Кім ұғар осы ортада оның зарын.  
Өмірде жалғыздықты көп көрсе де,  
Басынан сан торығу өткерсе де,  
Бәрінен қиын болды-ау, бұл жалғыздық,  
Шара бар енді жасын төкпеске не?!  
Жылады ол жалғыз сәтке ұйып, тынып,  
Көз жасын уысына құйып тұрып.  
Жылады ол өзі тұстас адамдардың  
Көбіне абыройы биік тұрып.

### **2 оқушы**

Жылады ол жаңа түсіп, жарық болып,  
Алдына алысқанын алып соғып!  
Жылады ол кәрі тарих алдына кеп,  
Бір өзі бүкіл мұңды халық болып.  
Дариға, сол бір жасы жан сырындай,  
Жұмбақ боп өз тұсына қалды ұғылмай!  
Қатыгез заман тұрды қамшы ойнатып,  
Көпсініп жер бетіне жанды мұндай!  
...Кірісті ол - ұлы еңбегін жазды бастап,  
Алдына бар ұстазын ашып тастап.  
Кеңеске кемеңгерлер келді бәрі,  
Қуаттап бұл жалғыздың ісін қостап.  
Жазды ол өз халқының тіршілігін,  
Күлкісін, қуанышын, күрсінуді,  
Талантын, даналығын, салт, әдетін,  
Тұншыққан бетін ашты мың сырының.

### **3 оқушы:**

Жазды ол - өз білгенін қалдырмады,  
Қазақтың онда өнері, жаңғырды әні.  
Жайнады туған жердің онда жазы,  
Сөйледі асқар таудың бал бұлағы.  
Жазды ол - қақап қыста қар борады.  
Торыды қорқау қасқыр мал қораны.  
Дәрменсіз, дәрігерсіз адам басын.  
Ажалдың жатты қырқып шалғы орағы.  
Жазды ол - жан түршікті, жасырмады,  
Елімен бірге ауырды асыл жаны.

Жазды ол - көктемін де күле жайнап,  
Бір келме бақытындай басындағы.  
Жазды ол - күн демеді, түн демеді,  
Бар шыны, сыры бүгін тілге келді.  
Арнады жас ұрпаққа, шәкіртіне,  
Арманы тек солардың білмегі еді!

**1 оқушы:**

Жазды ол - терезеде шам сөнбеді,  
Аспанда тұрды анық ай шеңбері.  
Жасырып соныменен күйлы нұрын,  
Риза мәңгі жанып қалса еңбегі!  
Январь ала келді мерекені,  
Өсті, әне, өсті биік ел өркені!  
Ойнады қақпасында жас мектептің,  
Алтын күн нұр сәулесі таңертеңгі!  
Ағылды, ағылды жұрт қырға қарай,  
Жап-жаңа тұнып тұңғыш тұрған маңай  
Бір ғажап қуанышты үнге толды,  
Жүгірді жүйрік хабар үй жағалай!  
Дариға, дария екен ел қуанса,  
Дәл осы қуаныштан сел құралса,  
Дүние нұрлы теңіз ішінде ойнап,  
Белгісіз жүзетіні енді қанша!  
Шақырып оқу, білім нұр таңына,  
Орнаған бәйтеректей жыр бағына,  
Ол өлең мынау еді, талмай самғап,  
Ұрпақтың кеткен озып ұрпағына:

**Хормен:**

«Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық!

**2 оқушы:**

Оқысаңыз, балалар,  
Шамнан шырақ жағылар.  
Тілегенің алдыңнан  
Іздемей - ақ табылар!  
Мал - дәулеттің байлығы  
Бір жұтасаң жоқ болар,  
Оқымыстың байлығы  
Күннен күнге көп болар,  
Еш жұтамақ жоқ болар!  
Сиса көлек үстінде,  
Тоқуменен табылған.  
Сауысқанның тамағы,  
Шоқуменен табылған.



Өнер-білім - бәрі де  
Оқуменен табылған.

**3 оқушы:**

Әлпештеген ата-ене,  
Қартаятын күн болар,  
Қартайғанда жабығып,  
Мал таятын күн болар.  
Ата-енен қартайса,  
Тіреу болар бұл оқу.  
Қартайғанда мал тайса,  
Сүйеу болар бұл оқу!

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Алтынсарин, Ы. [Зерттеу мақалалар, естеліктер, шығармалар] / Алтынсарин Ы, Құдайбердіұлы Ш; бас. ред. Б. Аяған.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007.- 632бет:портр.-("Қазақ энци-сының" кітапханасы: "Тұлғалар")
2. Қайырбеков, Ғ. Алғашқы қоңырау: "Дала қоңырауы" поэмасынан үзінді / Қайырбеков Ғ.- Алматы: Жалын, 1982.- 20 бет.-("Кітаптан соң кітап)
3. Ламашев, Ә. Ыбырай Алтынсарин: семинарий / Ламашев Ә.- Алматы: Ана тілі, 1991.- 120 бет
4. Симашко, М. Колокол: роман и повести / Симашко М; сост. К. Отегул; предисл. К. Нургали.- Астана: Аударма, 2011.- 565,[3] с.: портр.-("Б - ка Каз. Литературы)
5. Хакімжанова, М. Шығармалары. 3 - інші т: естеліктер, мақалалар / Хакімжанова М; құраст., алғы сөз М. Қожахметова.- Алматы: Ана тілі, 2006.- 365,[5]бет:портр
6. Шипин, О. Дастандар / Шипин О; құраст. С. Әсіпов, Ә. Бекбаев.- Алматы: Жазушы, 1989.- 216 бет
7. Ыбрай Алтынсарин тағлымы: әдеби - сын мақалалар мен зерттеулер / құраст. М. Жармұхамедов.- Алматы: Жазушы, 1991.- 384 бет

## «Менің шежірем»

**Мақсаты:** Қазақ шежіресін жан-жақты үйрету. Салт-дәстүрімізді, қоныс-тіршілігімізді, шыққан тегімізді, жеті атамызды, руымызды үйрету. Ыбырай Алтынсаринның аталары туралы білімдерін кеңейту.

### **1 жүргізуші:**

Уа, ағайын – туыс, халайық,

Өткенге көз салайық.

Атаның жолы, дағды бар,

Содан ғибрат алайық.

**1 - оқушы:** Жақынды жатқа санайды

Өз туысын білмеген.

Қадірі болмас елінде

Әділдікті білмеген.

Адасқанның алды жөн,

Қияға соғып қиналар.

Жайын тауып жүрмеген

Тату сөзді дау десе,

Туысқанды жау десе,

Ел қалмайды бүлінбеген.

Халықтан қолын үзбесе,

Халықтың қамын іздесе.

Адаспайды әрқашан Бірге болса елімен

Деген екен бабалар.

**2 жүргізуші:** Бүгін біз шежіре туралы әңгіме етеміз. Шежіре дегеніміз қазақ елінің өткен өмірі, саяси – әлеуметтік жағдайы, салт – дәстүрі, тыныс – тіршілігі. Бұл жазу – сызу болмаған кезде қазақтардың жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа ғасырлар бойы беріліп келген, әлі ғылыми жүйеге түспеген рухани қазынасы.

**1 жүргізуші:** Шежіре қазақ халқын үш арысқа, үш жүзге бөледі. Содан соң, олардың әрқайсысына кіретін рулардың өркендеп, қалай тармақ жайғанын көрсетеді. Бір ғасырда орта есеппен 3 – 4 ұрпақ буын өмір сүреді екен.

*(Видиобейне «Шежіре туралы тарихшының ойы»)*

**2 жүргізуші:** Найзаның ұшы, әскердің күшімен бағындырылған елдерде талай рулардың аттары сақталмай, дұрыс аталмай, монғол, не татар атанып кеткен келісімсіз жағдайлардың болғаны да нақты шындық.

**1 жүргізуші:** Қазақ шежіресінің қайсысы болсын қазақтың түп атасы «**Анас**» деген адам дейді. Алайда, Анастан Қазаққа дейінгі тізімдегі кісілердің аттары әр түрлі.

Анастан — Жабып — Мағыз — Шайыл – Аққурай — Аламан — Алаш.

Алаштан — Жайылхан, Сейілхан

Жайылханнан — Майқы би — Сыбай — Айырқалпақ.

**2 жүргізуші:** Айырқалпақтан — Қазақ, Созақ, Дуылғат.

Қазақтан — Әбілқайыр. Әбілқайырдан — Байшора, Жаншора, Қарашора.

Байшорадан — Ақарыс, ұлы жүз.

Жаншорадан — Жанарыс, орта жүз.

Қарашорадан — Бекарыс, кіші жүз тарайды.

**1 жүргізуші:** Ұлы жүзге үйсін, шапырашты, ысты, ошақты, дулат, албан, суан, қаңлы, жалайыр жатады. Атақты биі — Төле би.

**2 жүргізуші:** Орта жүзге арғын, қыпшақ, найман, қоңырат, керей, уақ жатады. . Атақты биі — Қазыбек би.

**1 жүргізуші:** Кіші жүзге «Он екі ата бай ұлы», «Жетіру», төрт қара, әлім жатады. Атақты биі – Әйтеке би.

**2 жүргізуші:** Қазақта «Қырық рулы елміз, қарға тамырлы қазақпыз» деген сөз баяғыдан келе жатыр. Туысқаншыл, бауырмал қазақ халқы бір-бірімен қалай туысқан? Қай жағынан туысқан? Енді осыны қарастырайық. Адамның үш жұрты бар: (балалар атап көрсін) – қайын жұрты, нағашы жұрты, өз жұрты.

**1 жүргізуші:** Адамның өз жұрты: Ата, әже, әке-шеше, аға-бауырлары, әпке, іні-қарындасы. Ағасының жұбайы — жеңге. Әпкенің жолдасы-жезде, күйеу бала.

**Жегі ата:** 1.Өзің. 2. Әке. 3.Ата. 4. Арғы ата. 5. Баба. 6.Түп ата. 7. Тек ата.

**Жегі ұрпақ:** әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат, жекжат, жұрағат, жамағат.

Ал қазір Алтынсариннің өз атасы мен нағашы атасы туралы мәліметтерді тыңдайық.

## **БАЛҒОЖА ЖАҢБЫРШЫҰЛЫ БАЛҒОЖА БИ**

**2 жүргізуші:** Балғожа Жаңбыршыұлы – би (туған жылы белгісіз). Ыбырай Алтынсариннің атасы. Орта жүздің Қыпшақ тайпасының Ұзын руынан шыққан. Қазіргі Қостанай облысының Қостанай ауданында дүниеге келген. 1824 жылы хандық жойылып, Орынбор генерал – губернаторлығы үш аға сұлтандыққа бөлініп, әр сұлтандық дистанцияларға, дистанциялар бөлімшелерге бөлінген кезде Балғожа би Жаңбыршыұлы Ұзынқыпшақ бөлімшесін басқарған.

**1 жүргізуші:** Балғожа Жаңбыршыұлы 1839 жылы хорунжий, 1848 жылы жүзбасы «сотник», 1850 жылы старшина әскери лауазымын алған. Ресей өкіметі тарапынан

«Ынтылылығы үшін» («За усердие») деген алтын медальмен марапатталған. Сонымен бірге патша өкіметі оған аты жазылған екі тапанша мен қосауызды мылтықты сыйға тартқан.

## 2 оқушы

Қыпшаққа би Балқожа аға болды,  
Ағасы Ханқожа би дана болды.  
Айбыны аш арыстан секілді еді,  
Көрсетті сан қазаққа тура жолды.  
Үш жүзге Құсмұрында билік айтты,  
Әр сөзін хатқа жазып, бетіне айтты.  
Тоқтатып жалғыз ауыз сөзбен жұртты,  
Қалайық риза боп, елге қайтты.  
Деуші еді Ахмет сұлтан қылман уайым,  
Би бергелі Балқожадай бір құдайым.  
Мен түгіл үш алашты сүйреп өтер,  
Тар жолда, тайғақ кешу болған сайын.  
Жеткен соң билігінің кемеліне,  
Өмірден болған шақта өтерінде:  
«Қыпшаққа Наурызбайым аға болсын»,-  
Деп еді ғазиз атам өлерінде.  
Ол еді Танабұға Наурызбай би,  
Осындай бір-біріне істеді сый.  
Кемеңгер, Наурызбай би дүлдүл еді,  
Ақылын шамалауға жетеді мый...  
Ол күндер қайтып келмес біздің Жүзге,  
Үш-төрт-ақ би бар еді Орта жүзде.Саны көп, сапасы жоқ, сапырылысқан,  
Он үйге бір би болған келді кезге

**2 жүргізуші:** Бұл шығарма Мариям Хакімжанованың Қазақстан Ғылым академиясының мұра жинаушылары құрамында 1947 жылы Қостанай, Торғай өңірлеріне барған сапарында Сейітқали Төлегенұлынан жазып алып, Академияның сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорына тапсырған осы өлеңде айтылғандай, Ыбырайдың атасы - Балқожа Жаңбыршин атақты би, ел құрмет тұтқан азамат болғаны исі қазаққа белгілі жайт.

**1 жүргізуші:** Балқожа Жаңбыршин - жүзбасы, Қыпшақ руының ұзын тармағын басқарған. Торғай, Тобыл және Әйет өзендері аралығында көшіп – қонған Орынбор шекара комиссиясының пікірінше ол «адамдарды басқару жағынан да, жалпы орда істері жөнінен де, өз руластары алдында өте беделді болған. Ол би ретінде Шығыс ордада ғана емес, өзге ордаларда да істі қарауға шебер, білгір адам саналған».

**2 жүргізуші:** Мұсатай Ақынжанов «Ұлы педагог, қоғам қайраткері» деген мақаласында «Ыбырайдың атасы Балқожа өлең жазған адам. Жас Ыбырайдың мектепке дейін өлең мен жырға әуестеніп өсуіне анық әсері тимеді деп айтуға

болмайды, - деп жазады. - Балғожа семьясының төңірегінде көптеген ақындар жиналатын болған. Сөйтіп, Ыбырай бала кезінен-ақ туған халқының рухани мәдениеті мен әдебиетін естіп өскен».

### **1 жүргізуші:**

Үміт еткен көзімнің нұры - балам,  
Жаныңа жәрдем берсін Хақ тағалам.  
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,  
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.  
Атаңды сағындым деп асығарсың,  
Надан боп білмей қалсаң, аһ ұрарсың.  
Шырағым, мұнда жүрсең не етер едің,  
Қолыңа құрық алып кетер едің.  
Тентіреп екі ауылдың арасында  
Жүргенмен, не мұратқа жетер едің?!

**2 жүргізуші:** Мектеп бітіргеннен кейін, Ыбырай Алтынсарин өзінің 1879 жылы жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы» кітабына «**Балғожа бидің баласына жазған хаты**» деген өлеңді енгізген. Сол өлеңде айтылатын ақыл - өсиеттер Балғожа бидің сөздері. Балғожа би Ыбырайды әрқашан өзімен бірге алып жүрді. Шешен сөйлеуге атасы үлгі болды. Соның бір көрінісі.

**1 жүргізуші:** Балғожаның жақын ағайыны Айтоқа, Байтоқа деген ағайынды екі кісі болыпты. Байтоқа ит жүгіртіп, құс салатын атақты аңшы екен. «Ұрыспайтын іні болмайды, керіспейтін келін болмайды» дегендей, бір күні осы ағайынды екеуі болмашыға керісіп, Байтоқа ағасына өкпелеп, Қарабалық Наурызбай биге көшпек болады. Дәл сол кезде Балғожа би ел аралап келе жатып ағайындарына келсе, жоғарыдағы жанжалдың үстінен шығады.

**2 жүргізуші:** Балжекеңнің қасында жасөспірім Ыбырай бар екен. Үйге түсіп, жай-күйді білгеннен кейін Балжекең «Ыбырай – жан, мына, Байтоқаға бірдеңе деші» депті. Сонда Ыбырай:

Уа, бай-еке, тыңдасаң,  
Біздің сөзді ұғарсың.  
Итің менен құсыңды  
Сонарда алып шығарсың.  
Аңыңды алған байласаң,  
Наурызбай биге ұнарсың.  
Жекіріп айтса бір сөзді  
Құлағыңды мықтап тығарсың.  
Бөденедей бұғарсың,

Ішіңнен судай тынарсың.

Нұралы ердің ұрпағы ең

Оған қалай шыдарсың?

Қой, аға-еке, көшуді,

Дұшпаның күйіп ішінен,

Достарың естіп қуансын,-депті.

Сол жерде Байтоқа ашуын басып, Айтоқамен табысып, Ыбырайға бір жорға тай мінгізіпті

**1 жүргізуші:** Алайда, Балғожаның мырзалығы мен тапқырлығы, терең ойлылығы, ұстамды, ұтымды сөйлей білетіні мына бір әңгімеден көрініс береді: Жасы ұлғайған шағында Досбол Сыр бойынан Торғайға қайта келіп, туған-туыстарын аралайды. Бұл хабарды естіген Наурызбай Досбол алдынан шығып, оны ауылына алып келеді. Наурызбайдың жаңа танылып келе жатқан жас кезі болса керек, әуелі өз ауылына, сосын Балғожа бидің ауылына ат басын тірейді.

**2 жүргізуші:** Балғожа Досболды құшақ жая қарсы алып, қонақ етеді. Кетерінде бір үйір жылқы тарту етеді. Бірақ Досбол оны алмай қасындағы Мұғал ақсақалға байлайды. Балғожа бұған риза болып, ұлы Қошанға «Досекемнің біздің ауылдан құр аттануы ұят болар, қосарына бір ат әкеп байла» дейді. Қошан көзі соқыр, өзі кәрі бір көк атты ұстап әкеледі.

Сонда Досбол:

- «Уай, Балқожа, сен алдымен өзіңе қара, екінші мына маған қара. Сосын ана соқыр аттың көзіне қара, Қошан мырзаның жүзіне қара», - дейді.

**1 жүргізуші:** Көкірек сарайы даңғыл Балқожа би оның ашуды басып тастай біледі. Жұрт көзінше баласына әлдекімдер сияқты ашу шақырып, кіжініп жатпай, кеңдік танытады.

- «Досеке», - дейді Балқожа жұрт назарын өзіне қаратып:

«Хандарда да бір мін бар,

Қарашасын бірдей көрмейді.

Байларда да бір мін бар,

Есігіне келген кемтарға,

Өзі тұрып орнынан

Қолынан қайыр бермейді.

Жүйрікте де бір мін бар,

Жорғаменен табандасып желмейді,  
Жорғада да бір мін бар,  
Жал-құйрығын сүзіп салсаң да,  
Бәйгеден озып келмейді.  
Әйелде де бір мін бар,  
Ажары сұлу болса да,  
Ақылы сай келмейді»,

деп өзіңіз айтыпсыз ғой, әркімде де бір мін болатынын ескертіп. Балаңыздың бір шалалығы шығар бұл. Не дегенмен болар іс болып қалыпты. Енді осының айыбын да, билігін де өзіңіз айтыңыз, - деп салмақты Досболдың өзіне салады.

**1 жүргізуші:** - Билік айтардай мен дауға келіппін бе, айып алардай мен жауға келіппін бе, бұған мен не дейін, Балқожа – ау . Ал әйтеуір құр қол жібермеймін десең, берер атың дос сүйсінер, дұшпан күйінер бірегей болсын.

Жуандығы, Балқожа, өзіндей болсын,

Жорғалығы менің өзімдей болсын.

Сұлулығы мына Қошанжанның көзіндей болсын.

Ақтығы Бұхардық ақ бөзіндей болсын.

Жеріміз шалғай, жүрісіміз көп,

Аяғын тұсар асау, тарпақ болмасын,

Өмілдірік, құйысқан бізде жоқ,

Ері алға кетер еңкек,

Артқа кетер шалқақ болмасын, - дейді.

**2 жүргізуші:** - Е – е, Досекемнің көзі Бозжорғаға түскен екен ғой, Әй, Қошан, алып кел менің Бозжорғамды, - деп Балқожа баласын қайта жұмсайды. (Төрекұлов Н., Қазбеков М. «Қазақтың би-шешендері. -Алматы: «Жалын», 1993. 2556.). Қалай дегенде де Ыбырайдай ұл өсіріп, тәрбиелеген Балқожа есімі ұмытылмақ емес. Бірақ оның аты – жөні Қазақ Совет энциклопедиясына енген. Туған, өлген жылдары белгісіз.

**1 жүргізуші:** Адамның нағашы жұрты, шеше туыстары: нағашы ата, нағашы апа, нағашы аға, нағашы әпке, нағашы іні, нағашы сіңлі. Шешенің әпке – сіңлісінің балалары бөле деп аталады. Нағашы жұртқа өзі жиен болады.

**2 жүргізуші:** Ал енді біз Ыбырайдың нағашы атасы туралы мәлімет тыңдайық. Жігіттің үш жұрты — өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты болатыны белгілі. Ыбырайдың өз аталары да, нағашылары да елге сыйлы, айтулы атпал азаматтар болған. Алайда Кеңес дәуірінде тұқым қуалаушылық – жақсыдан көбіне жақсы туатыны айтылмай, айтыла қалса, рушылдық, ескілік саналып келді.

**1 жүргізуші:** Ыбырай нағашылары — елін, жерін жат жерлік басқыншылардан қорғауға белсене қатысқан, әскери лауазым «Тархан» атағын қазақта тұңғыш алған асқан батыр, мәмлелер Жәнібек Қошқарұлының ұрпақтары еді. Ыбырайдың Жәнібек батыр туралы ел аузындағы әңгімені жазуының бір ұшы осында жатса керек. Жәнібектің тұңғышы — Дәуітбай. Дәуітбай әкесі сияқты жаужүрек, хас батыр болған адам. Жәнібек қайтыс болғаннан кейін соғыс министрлігі алқасының 1759 жылғы жарлығымен «Тархан» атағы Дәуітбайға көшіріледі. Дәуітбайдан тоғыз бала, солардың бірі Мұса, Мұсадан Шеген.

**2 жүргізуші:** Шеген бидің ұлы атасы – Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың замандасы, қатар жүрген қаруласы Шақшақ Жәнібек батырлығымен де, ел билеген саясаткерлігімен де, алдын болжай алатын көрегендігімен де, шешендігімен де алты алашқа аты шықса, Жәнібектің ұлы, Абылай ханның қарулас серігі – Дәуітбай да, немересі Мұса да заманында Кіші жүз бен Орта жүздің арасындағы белгілі саясаткерлердің, беделді ел билеушілері болғандары тарихтан белгілі.

**1 жүргізуші:** Шеген Мұсаұлы 1791 жылы атасы Шақшақ Жәнібек тархан бабамыз ту тіккен киелі Тосын құмында дүниеге келген. Ұяда не көрсең, ұшқанда соны алар – сың дегендей, Шеген зерек болып өсіп, жасынан –ақ ел арасында қайтпас ер мінезімен, есейе келе батырлығымен, содан кейін ел билеуге араласа келе әділдігімен де, шешендігімен де көзге түседі. Шеген би кедей – көпшілікке қайырымды – мейірімді болып, қолының аса ашықтығы үшін жай ғана Шеген емес, Шеген мырза атанған.

**2 жүргізуші:** Ол мырзалық жағынан атағы иісі Орта жүзге тараған. Елге Шеген сөзі – жазылмаған заң. Ол айтқан билік – екі қаралмайтын үкім болған. Шектен тыс әділдігі табиғи түрде заңдылыққа айналған. Ол туралы ел аузында, «Шешілмеген шиеленісті Шеген шешкен», «Ойда Шеген, қырда Беген тұрғанда қазақты қай жау алады» - деген сөз бар.

**1 жүргізуші:** Жалпы, Шеген би туралы ел аузынан естігеніміз – оның мына төрт жол айтқан сөзі:

Елдің емі далада,

Даланың емі балада.

Баланың емі анада,

Тіршілік түбі Аллада.



**2 жүргізуші:** Шеген би және оның елге тұлға болған ұрпақтары туралы сан алуан әңгімелер көп. Кемеңгер суретшіміз, данышпан ойшылымыз Мұхтар Әуезов те Шеген биді қазақ билері арасынан бөлек бағалап, ерекше ықылас білдіріп «Хан Кене» пьесасына бас кейіпкер етіп суреттегені тарихтан белгілі.

Ғалым Сәкен Созақбаев Ы.Алтынсариннің өміріне арналған «Нағашы ата» деген мақаласында Шеген би айтты деген сөздерді келтірген. Солардың ішінде мынандай сөздер бар:

**1 жүргізуші:** «Ел болған соң қоныс керек, Қоныс үшін соғыс керек. Хан болған соң халық керек, Халық үшін салт керек. Би болсаң даналық керек, Даналық үшін саналық керек.»

**2 жүргізуші:** «Батыр болсаң білек керек, Білек үшін жүрек керек. Кедей болсаң кәсіп керек, Кәсіп үшін машық керек. Молда болсаң азан керек, Азан үшін асылған қазан керек.»

**1 жүргізуші:** «Сері болсаң сән керек, Сән үшін ән керек.»

**2 жүргізуші:** «Хан азғаны сол болар, Әділеті жоқ болса. Бай азғаны сол болар, Сақау аты жоқ болса. Ел азғаны сол болар, Ынтымақ – бірлік жоқ болса. Жер азғаны сол болар, Шыққан шөбі жоқ болса. Қол азғаны сол болар, Ұшқан құсы жоқ болса.»

**1 жүргізуші:** Енді бірде Шеген би былай дейді: «Ер жігіттің белгісі, Қара бура нармен тең. Талапсыз ердің тірлігі, Қара топырақ жермен тең. Саясы жоқ бәйтерек, Сазға біткен талмен тең. Пайдасы жоқ көп байлар, Арам өлген малмен тең. Жетесі жаман бозбала, Тоқсанға келген шалмен тең.»

**2 жүргізуші:** Өз дәуірінде би болып, ел тағдырына бел шеше араласқан Мұсаның жолын – ұлттың болашағы үшін жанын берген баласы Шеген би жалғады. Қазақ жерінің бір шұрайлы бөлігі Торғай өзені бойынан бекініс салу үшін орыс отаршылары ел билеушісі Шегеннен келісім сұрап, оны жеңілдету мақсатында биге Тобыл – Торғай аралығы дистанциясының бастығы Ахмет Жантурин арқылы сый – сияпат жібереді. Сыйлықтың артында не жатқанын түсінген би, одан бас тартып, сұлтан Ахмет Жантуринге хат жазады.

**1 жүргізуші:** Хатта: «Ахмет мырза! Жіберген шекпеніңді жамылдым – келіншек болдым, сақинанды салдым – қыз болдым, сағатыңды тақтым – бозбала болдым. Біз сияқты үлкен кісіге бұлар лайықсыз екен, маған жараспайтын заттар екен, сондықтан қайтарып отырмын. Патша сыйлығын қабылдамау, бұрын – соңды болмаған жағдай. Осындай бірбеткей қасиеттері үшін Шегенді Торғай елі «Шеген батыр» - деп қадір тұтқан.

Орыс отаршылдары Шегеннің бұл пікірінен қайтпайтынын біліп, түрмеге салуға ұйғарып арнайы солдат аттандырады. Сөйтіп, Торғайда салынған патша түрмесінің алғашқы қонағы Шеген би мен оның хатшысы Тәкі қожа болған. Бұл жөнінде ауыздан – ауызға жетіп келе жатқан мына жыр жолдары да дерек бола алады:

**1 жүргізуші:**

«... Батырдан Мұса-Шеген би,

Патшадан келген шекпен сый.

Алдауыш деп алмаған,

Олжа деп көзін салмаған.

Көнбейді деп алдауға,

Жүрмейді деп айдауға.

Қараңғы үйге қамаған.

**2 жүргізуші:** Шегенді қалайда өлтіру әрекетін ойластырған ұлықтар түрмеден шығарарда, мінетін боз айғырдың үзеңгісіне у жағуға айла табады. Шеген түрмеден шығысымен жайлаудағы елге бара жатып, қаладан 25 шақырым жердегі Қарасайдың қазіргі «Бозайғыр» деген жерінде мінген бозайғыры сүрініп жығылып, мерт болады. Шеген осыдан кейін ауырып, көп ұзамай қайтыс болады. Бұл шамамен 1848 жылдың күз айы.

**1 жүргізуші:** Халықтың қатаң талап етуімен Шегенді Торғай түрмесінен босатқанда, елге келген Шеген биге халық жиналып сәлемдесуге барады. Сонда ауызы дуалы, сөзге шешен Қыпшақ Қара Тайпен деген кісі ел атынан: «Базарда қымбат болды-ау ұнның пұты, келдің бе, аман-есен елдің құты»-деген екен. Бұл ел азаматтары Шегенді қалай бағалағанын көрсетеді. Елдің дәл осылай құрметіне бөленген Шеген асқан ерлігімен, әділ билігімен, ықпалы жүрген асқақ рухты, тұғыры биік тұлға еді.

### (Оқушылар өздерінің отбасы шежіре туралы әңгіме етеді)

**2 жүргізуші:** *Ер адамның қайын жұрты:* қайын ата, қайын ене, қайын аға, қайын бике және балдыздар. Қыз балдыздың жолдасы — бажа, ұл балдыздың жолдасы — келін. *Әйел адамның қайын жұрты* — қайын ата, қайын ене, қайын аға, қайын әпке, кішілері қайын іні, қайын сіңлі.

#### **1 жүргізуші:**

«Жеті атасын білген ұл

Жеті жұрттың қамын білер.

Жеті атасын білмеген

Құлағы мен жағын жер», – деген жүйелі сөз көп мағынаны білдіреді.

Жеті ата тәртібі туыстық, ағайындық бірлікті, ынтымақты ұстана отырып, бір ауыл, бір бауыр болып өмір сүрген. Отан отбасыдан басталады, сондықтан ең бірінші өз отбасындағы туыс жақындықты біліп, тату – тәтті өмір сүру. «Бірлік жерде тірлік бар» мақалды тағы келтіріп, біздің еліміз көркеюіне ат салы сайық.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Ижанов, З. Ыбырайдың кесімі: Ыбырайдың шешен өнері туралы/ Ижанов З. // Ана тілі. - 2003. - сәуірдің 24-і . - № 16

2. Қазақ тарихынан: шежірелер, жазбалар, пікірлер, зерттеулер / құраст. Н. Құлмұхамбетова.- Алматы: Жалын, 2004.- 464бет

3. Оспанұлы, С. Алтынсариннің айналасындағы адамдар [Мәтін] : Ыбырайдың атасы - Балғожа Жаңбыршыұлы / Серікбай Оспанов / Оспанұлы С // Қостанай таңы.- 2004.- 10 желтоқсан

4. Оспанұлы, С. Ыбырайдың нағашылары [Мәтін] : Ы. Алтынсарин / Оспанұлы С // Қостанай таңы.- 2004.- 12 қараша

5.Ыбырай Алтынсарин. Шәкәрім Құдайбердіұлы.- Алматы.- 2007. - 632 б. - ("Қазақ энциклопедиясының" кітапханасы: "Тұлғалар")

Құрастырғандар:

Редакторы:

Техникалық редактор:

Есикеева Ш. Ш.

Байгенжина С. М.

Байгенжина С. М.

**Ы. Алтынсарин атындағы облыстық балалар  
және жасөспірімдер кітапханасы**  
сіздерді күтеді  
дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 10.00-дан 18-00-ге дейін,  
сенбі – 9.00-дан 17-00-ға дейін,  
жексенбі – демалыс күні.